Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 14 (1069)

15.04.2022

@ alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

КЕЗДЕСУ

АУЫЗ СУ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ҚАЛЫПҚА КЕЛЕДІ

ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕ ЕКІНШІ ШВЕЙЦАРИЯ АТАЛЫП КЕТКЕН АЙМАҚ БАР. ОЛ – ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ. ТАУ БӨКТЕРЛІ, ТАБИҒАТЫ КӨРГЕН ЖАННЫҢ КӨЗ ЖАУЫН АЛАТЫН ӨҢІРДЕ ОТЫЗ ҮШ МЫҢДАЙ ТҰРҒЫН БАР. ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕСІНЕ АЙНАЛҒАН ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАНЫҢ БІРІ – ЭКОЛОГИЯ МЕН АУЫЗ СУ ЖӘНЕ ҚАЛАДАҒЫ ЕСКІ ҮЙЛЕРДІҢ ҚАЛА КӨРКІН БҰЗЫП ТҰРҒАНЫН ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІККЕ ЖЫЛМА-ЖЫЛ АЙТАТЫН.

Ауыз суды Қора өзенінен алып келген қала тұрғындары көктем мезгілінде қар суы мен жауыннан өзен суы лайланып кететіндіктен таза суға зәру болатын. Облыс әкімі Қанат Бозымбаев осы үш бірдей түйткілді мәселенің түбегейлі шешілгенін қала тұрғындарымен кездесуінде айтты. Сондай-ақ, өткен ғасырдан бері түйінін таппай келе жатқан экология проблемасы да оң шешімін таппақ деді. Үш ай бұрын қаламен танысуға келгенде, халықтың талап-тілектеріне құлақ түріп, жергілікті атқарушы билікке бірқатар тапсырма берген болатын. Араға уақыт салып, екінші мәрте барған өңір басшысы тапсырмалардың орындалуын қадағалап, қаланың алдағы даму бағытына зер салды. Тұрғындармен қайта жүздескен Қанат Алдабергенұлы «Sunlight Investments» ЖШС-мен меморандумға қол қойғанын жеткізді. Келісімге сәйкес, Текелідегі зиянды қалдықтар қоймасын рекультивациялап, одан шыққан қалдықтарды жаңадан салынатын ірі тау-кен байыту комбинатында шикізат ретінде пайдалану қолға алынатынын айтты. Енді қала шетіндегі қойма толықтай тазартылып, қаладан алыс жерге көшірілмек. Бұл жоба 2022-2032 жылдары іске асырлатын болады. Бұған дейін қаланың экологиялық ахуалына алаңдап келген текелiлiктер енді таза ауыз сумен және қаланың шырқын бұзып, ауасын ластаған қалдықтардан біржола құтылмақ. Сондай-ақ, биыл темірді қалпына келтірумен айналысатын жылдық қуаты 120 мың тонналық «Электромарганец» ЖШС зауыты іске қосылады. Оған 15,6 млрд. теңге инвестиция тартылып, бір мыңдай жұмыс орны ашылмақ. Қаладағы апатты үйлердің мәселесі де кезең-кезеңімен шешілетінін айтқан облыс әкімі Бөлтірік шешен, Қонаев, Кошевой, Төле би көшелеріндегі апатты үйлердің тұрғындарын көшіріп, орналастыруға қажетті қаржы бөлуді мәслихат қарастырып жатқанын, «Кордон» тұрғындарының мәселелері бойынша дәріхана пункті салынып, Қонаев, Кошевой көшелерінің бұрылысын абаттандыруға, жиырма көшені орташа жөндеуге және бірінші, екінші кордонды жарықтандыруға жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленді деді. Алайда, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу ісі әлі де артта қалып келеді. Бұл аймақтың инвестиция тартуда облыстағы үлесі небәрі 0,2%.

«Өндірістік аймақта бос жер жоқ, кәсіпорындардың біразы маусымдық кезеңдерде ғана жұмыс істейді, ал құрал-жабдықтары тозған. Мәселен «Суффле Қазақстан» ашытқы зауытында шикізат жетіспейді, таза сумен қамтуда қиындықтар бар. Сондықтан облыста арпа өсіру көлемін арттырып, зауытты өз шикізатымызбен қамтамасыз етуді тапсырамын. Кәсіпорынды таза сумен қамтуға қажетті құжаттарды тиісті мекеме жылдам дайындап бітіруі керек. Қала әкімінің бұл бағыттағы жұмысы сылбыр. Текелінің табиғи-рекреациялық әлеуеті зор, ішкі туризмді тең дамытуға болады. Ол үшін туристік инфрақұрылымды дамытудың нақты жоспары жасалуы тиіс. Қалада шағын және орта бизнесті де өркендетуге мүмкіндік мол. Соған қарамастан Текелінің облыстағы шағын және орта бизнестегі үлесі 1% ғана. «Талдықорған – Текелі» магистральды газ құбыры 2018 жылы тартылғанымен бүгінге дейін 51 жеке тұрғын үй ғана газға қосылған», – деді Қанат Бозымбаев.

Облыс басшысы қаладағы олқылықтарды атап өтіп, жұмысты жандандыруға қатысты нақты тапсырмалар берді.

Айтақын МҰХАМАДИ

АҢДАТПА

ПРЕЗИДЕНТ 3 стр.

ДАЛ ПОРУЧЕНИЯ ГЛАВЕ МОН

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-бет

БАҒЫНБАҒАН БАҒА, БАЗАРДАҒЫ НАРЫҚ

ДЕНСАУЛЫҚ 7-бет

ШЕКАРАСЫЗ МЕДИЦИНА

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ 8-9-бет



ЖАЛҒАН АҚПАРАТПЕН КҮРЕСЕ БІЛЕЙІК

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨҢІР ТЫНЫСЫ

КӘСІПКЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ

ӨҢІРЛІК КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА КЕЛІСУ КОМИССИЯСЫ КӘСІПКЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУҒА ЖОСЫҚСЫЗ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІЗІЛІМНЕН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІН ҚОЛДАДЫ.

Талдықорған қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі жанындағы Келісу комиссиясының отырысында «Қаримұрат» ЖК әлеуетті өнім берушінің жосықсыз қатысушылар тізілімінен алып тастау мәселесі қаралды. Кәсіпкер уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты ақпараттық жүйені сүйемелдеу және техникалық қолдау қызметтерін көрсетуге арналған лот бойынша шарттық міндеттемелерді орындай алмағанын жеткізді. Осыған байланысты ол №027/у медициналық анықтамасын ұсынғаннан кейін, комиссия бірауыздан оң шешім шығарды.

«Келісу комиссиясы – мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару салдарынан Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қарайтын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган. Егер әлеуетті өнім беруші уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда не техникалық қателер немесе форс-мажорлық мән-жайлар жағдайында ол келісу комиссиясына өтініш бере алады. Комиссия құрамында ҰКП-да аккредиттелген тапсырыс берушілердің, «Атамекеннің» және салалық қауымдастықтардың өкілдері бар. Біз өз кезегінде, осы тәжірибені қолдануға және дауларды соттан тыс тәртіпте келісім комиссиясының алаңында шешуге мүдделіміз», – деп хабарлады Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Азамат Тоқымбетов.

Еске салсақ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес сатып алу рәсімдерін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және квазимемлекеттік органдар атынан тапсырыс берушілер келісу комиссиясын құруы тиіс.

Ш. ХАМИТОВ.

ҮНҚОСУ

АТА ЗАҢЫМ – АРДАҒЫМ

АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ ӨМІР СҮРУІ БЕЛГІЛІ БІР ЗАҢДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫНАТЫНЫ СИЯҚТЫ, ҒАЛАМШАРДЫ МЕКЕНЕТКЕН ӘР МЕМЛЕКЕТТІҢ ДЕ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ БОЛУЫ ШАРТ. ОЛ ЗАҢНЫҢ БАРЛЫҚ ТІЛДЕРДЕГІ МОЙЫНДАЛҒАН АТАУЫ – КОНСТИТУЦИЯ.

1995 жылы қабылдаған Конституция біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Қастерлі құндылығымыздың қағидаттарын бұлжытпай орындаудың нәтижесінде біз қысқа мерзімде мызғымас мемлекетімізді орнатып, тәуелсіздігімізді тұғырлы еттік. Ата Заң тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың кепілі ретінде біздің бірлігімізді бекемдеп, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы болды.

Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Конституция – мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Біз аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасыған берекелі елге айналдық. Ортақ шаңырағымыздың шекарасын шегендеп, іргемізді мызғымастай етіп бекіттік. Тағдыр тоғыстырған, тарих табыстырған түрлі ұлт өкілдері Конституция қағидаттары төңірегіне топтасты. Еуразияның жүрегіне орналасқан елордамыз әлемге руханияттың ірі орталығы, саясаттың іргелі ордасы ретінде танылды. Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан Қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіл адамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды. Әрбір қазақстандықтың Конституциясының мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, сонымен бірге жеке өзі, отбасы мен балалары үшін де мәнділігін бағалай білу, өз міндеттемелерін қастерлеп сақтап, орындауы маңызды. Конституция біздің басты құндылығымыз – тәуелсіздікті, бейбітшілік пен тұрақтылықты ғасырларға бекітті. Барша мемлекеттік институттардың, әрбір қазақстандықтың парызы – осы құндылықтардың қырағы күзетінде болу.

Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнеге. Ата Заңымыздың жетістіктерінің бірі – адам құқығы толық ескерілмеген, қорғалмаған декларациялардан бас тартуы.

Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Мемлекетіміз халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілді. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі – Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінуі керек. Ата Заңды білу, оған құрмет көрсету – әрбір қазақстандық азаматтың парызы.

Гүлнар СЫДЫҚБАЕВА,
Н. Островский атындағы №8 орта мектеп КММ тарих пәні мұғалімі.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

ЖАҢА ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Жастар саясатымен айналысатын облыстық ішкі саясат басқармасы жас буынның келешегіне жарқын бастама болатын жаңа жобаны іске асыруда.

Жобаның аты – «Өмірлік бағдар» деп аталады. Бұл жоба жастар қауымына арналады. Жоба төрт аудиторияны қамтиды. Бірінші – нысаналы аудитория – 9,10,11 сынып оқушылары, екінші – олардың ата-аналары, үшіншісі – мұғалімі, төртіншісі – ауылдағы мектептен тыс жұмыссыз жүрген жастар. Бұл туралы «Жетісу» газеті сайтында шыққан облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Болат Керімбектің сұхбатында айтылады.

* * *

Еңбекшіқазақ ауданын – Алтын Адам ауданы деп өзгертсек деп ұсыныс тастады Парламент Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұл. Сонымен бірге, халық қалаулысы Ұйғыр ауданының атауын да өзгерту жайлы пікірімен бөлісті. Бұл туралы ол әлеуметтік желідегі парақшасында жазды. Толық ақпарат BAQ.KZ порталында жарияланды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА

Жаңа білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Осындай жаңа технологияларды қолдана отырып, сабақ беру мені қуанышқа бөлейді. Ал, енді жаңартылған бағдарлама бойынша білім беруге келсем, жаңартылған оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту техникалары мұғалімді шабыттандырып, одан сайын қанаттандыратыны анық. Оқушылар білімін критериалдық бағалау оқыту мен білім беруге деген әртүрлі тәсілдемелерді пайдалануға, оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингісін уақтылы жүргізуге, мұғалімге сабақты қажетті мазмұнмен толтыруға мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім», – деп бекер айтылмаған.

Бала оқыту жүйесінде мұғалімдерге үлкен міндет жүктелетіні айдай анық.

Сол міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін парыз.

Чинара КҮДЕРБЕК,
Кәкімжан Қазыбаев атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі.
САРҚАН АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

ДАЛ ПОРУЧЕНИЯ ГЛАВЕ МОН

ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПРИНЯЛ МИНИСТРА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ АСХАТА АЙМАГАМБЕТОВА, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА САЙТ АКОРДЫ.

Касым-Жомарт Токаев был проинформирован об исполнении поручений, данных в Послании, инициативах министерства, направленных на улучшение системы образования и науки. Президенту были представлены предложения, предусматривающие усиление ответственности частных детских садов для минимизации фактов нарушения прав детей, и новые подходы к разработке школьных программ и учебников.

«Как доложил Асхат Аймагамбетов, в рамках поручений Главы государства, данных в Послании, внесены изменения в закон "О науке». Теперь более четырех тысяч ученых, занимающихся научными исследованиями в сферах истории, казахского языка, философии, археологии, математики, востоковедения и других дисциплинах, будут получать стабильную заработную плату. Срок финансирования научных проектов продлен с прежних трех до пяти лет. На поддержку молодых ученых выделена тысяча грантов для постдокторантуры. Запущены специальные конкурсы, в рамках которых более двух тысяч молодых ученых получили гранты на 17 миллиардов тенге. По поручению Касым-Жомарта Токаева приняты меры по повышению потенциала ученых. Ежегодно 500 отечественных специалистов будут проходить стажировку в ведущих научных центрах мира за счет республиканского бюджета», – отмечается в публикации.

Заслушав отчет, Президент поручил усилить целенаправленную работу по повышению качества школьного образования и статуса учителей. Кроме того, Глава государства считает необходимым усовершенствовать правила лицензирования вузов и поддержать институты, осуществляющие фундаментальные научные исследования.

ПРИНЯЛ ЗАМЕСТИТЕЛЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА

ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПРИНЯЛ ЗАМЕСТИТЕЛЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА ЕРАЛЫ ТУГЖАНОВА, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА САЙТ АКОРДЫ.

Главе государства была представлена информация о реализации программы повышения доходов населения. Ералы Тугжанов доложил Касым-Жомарту Токаеву, что повышение зарплаты затронет более миллиона работников бюджетной сферы и производственного персонала квазигосударственного сектора.

Также предусмотрено увеличение трудового дохода 2,8 миллиона работников крупного бизнеса, получающих государственную поддержку путем установления встречных обязательств бизнесу.

Президента проинформировали о планах правительства по созданию новых рабочих мест за счет реализации инвестиционных проектов в различных отраслях экономики, увеличения дохода от предпринимательской деятельности, а также новых производств в фармацевтике, биотехнологии, IT-технологии и нефтехимической отрасли.

Кроме того, как сообщил заместитель премьер-министра, предусматриваются меры поддержки социально уязвимых слоев населения. К примеру, в рамках проекта «Бақытты отбасы» 20 тысяч многодетных и воспитывающих детей с инвалидностью женщин будут охвачены мерами занятости. Для трудоустройства молодежи будут реализованы проекты «Молодежная практика», «Первое рабочее место», также будут выдаваться гранты до 400 МРП.

По итогам встречи глава государства отметил исключительную важность повышения доходов населения и поручил держать данный вопрос на особом контроле правительства.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

АЛИХАН СМАИЛОВ ПРОВЕЛ СОВЕЩАНИЕ

Как передает Nur.kz, Премьер-министр Казахстана Алихан Смаилов провел совещание о мерах, принимаемых правительством для сдерживания цен на социально-значимые продовольственные товары. Об этом сообщается на официальном сайте правительства РК.

9 апреля, в цифровом офисе правительства прошло совещание о принимаемых мерах по сдерживанию цен на социально-значимые и повышению эффективности работы СЭЗ.

Выступая с докладом, председатель Комитета торговли Министерства торговли и интеграции Ержан Казанбаев сообщил, что за прошедшую неделю рост цен на социально-значимые продовольственные товары составил 0,9%. Больше всего подорожали лук – на 7,2%, морковь – 2,6%, капуста – 2,5%, картофель – 2,2%, молоко – 1,8%, мясо птицы и кефир – по 1,6%, сахар – 1,1%.

В разрезе регионов больше всего цены выросли в Мангистауской области – на 2%, в Северо-Казахстанской – 1,9%, в Акмолинской и Кызылординской – по 1,5%. Всего с начала года рост цен составил 12,4%.

«*Нами продолжается координация местных исполнительных органов по соблюдению розничными объектами торговли допустимой торговой надбавки. Так, рейдовыми мероприятиями за прошедшую неделю охвачено 30,8 тыс. магазинов "у дома", то есть 73% объектов торговли. На этой неделе выявлено 231 нарушение. В результате торговые надбавки снижены на 25%»*, – отметил Казанбаев.

При этом было подчеркнуто, что работа по увеличению финансирования "оборотной схемы" в регионах идет на низком уровне: выделено всего 58,3 млрд тенге из запланированных 100 млрд тенге.

Министр сельского хозяйства РК Ербол Карашукеев сообщил, что запасы социально-значимых продуктов в стране составляют порядка 643,5 тыс. тонн. Сформированы запасы сахара – около 30 тыс. тонн без учета продукции сахарных заводов. При этом обеспечено бесперебойное производство внутри страны и заключен контракт на поставку дополнительного объема сахара из Индии.

По данным акиматов, запас картофеля по республике составляет 199 тыс. тонн, капусты – 17,2 тыс. тонн, моркови – 43,1 тыс. тонн, лука – 23,1 тыс. тонн.

Председатель Агентства по защите и развитию конкуренции Серик Жумангарин доложил о мерах антимонопольного реагирования. В 12 регионах в отношении субъектов оптовой торговли продуктами территориальными подразделениями Агентства завершен анализ, назначены проверки в отношении порядка 90 торговых рынков по фактам установления монопольно высоких цен.

Заслушав отчеты выступающих, Алихан Смаилов обратился к акимам регионов, где за неделю зафиксировано наибольшее удорожание продуктов.

«*В Мангистауской области допущен рост цен на лук – на 39,2%, а также на говядину – 5,5%. В прошлом году мы неоднократно говорили о необходимости своевременного контрактования с фермерами Жамбылской области по поставке лука в регион. Данная работа не проделана, поэтому такой рост. На "оборотную схему" выделено 1,1 млрд тенге при плане 3,6 млрд тенге. При этом из выделенных средств предпринимателям направлено только 177 млн тенге»,* – сказал он.

Глава правительства отметил, что за последние два года в Северо-Казахстанской области выделены значительные средства на строительство молочно-товарных ферм. При этом в регионе отмечается рост на молочные продукты, кефир, творог и масло сливочное, на 14,3%, 9,5% и 5,3% соответственно.

«Вопросы по сдерживанию цен имеют первоочередное значение. Мною неоднократно поручалось обеспечить увеличение финансирования "оборотной схемы". Однако на сегодня работа выполнена не в должной мере. Поручаю до конца текущего месяца увеличить финансирование до 100 млрд тенге. В преддверии наступающего аграрного сезона первоочередной задачей регионов должно стать заключение форвардных договоров на поставку осенней сельхозпродукции. Если сейчас будет упущен момент, в период межсезонья мы опять столкнемся с повышением цен», – отметил премьер-министр.

Также Алихан Смаилов поручил Министерству сельского хозяйства совместно с акиматами на регулярной основе проводить актуализацию баланса производства и потребления, в оперативном порядке осуществлять поставки сельхозпродукции между регионами с учетом их потребности.

Кроме того, Минсельхозу совместно с акиматами необходимо принять меры по диверсификации засеваемых культур с учетом дефицита и потребности в овощной продукции. Особое внимание следует уделять контролю за торговой надбавкой.

«Рост цен на продукты питания сводит на нет всю ту большую работу по повышению заработных плат, пенсий, социальных выплат, и в целом по увеличению доходов граждан, которая проводится правительством по поручению главы государства. Это вызывает справедливую критику со стороны населения. Акимам и министрам нужно уделять этому вопросу особое внимание», – подчеркнул Смаилов.

Вторым вопросом совещания стало принятие мер по повышению эффективности деятельности специальных экономических зон.

В ходе своего выступления глава МИИР РК Каирбек Ускенбаев сообщил, что в некоторых регионах планируется расширить территорию СЭЗ, провести оптимизацию, завершить строительство начатой инфраструктуры, сократить непрофильные виды деятельности.

«Поручаю Министерству индустрии и инфраструктурного развития совместно с заинтересованными государственными органами в срок до 25 апреля текущего года внести в правительство актуализированную Дорожную карту по развитию СЭЗ», — заключил Алихан Смаилов.

РЕШЕНИЕ

ОГРАНИЧЕНИЕ НА ЭКСПОРТ ЗЕРНА И МУКИ

В Казахстане с 15 апреля введут ограничение на экспорт зерна и муки. Как заявил первый вице-министр сельского хозяйства Айдарбек Сапаров, имеющегося в стране объема зерна и муки достаточно для обеспечения внутренней потребности, передает корреспондент Tengrinews.kz.

По словам Сапарова, ограничительные меры необходимы для исключения дефицита на внутреннем рынке и загрузки мукомольных предприятий.

«Межведомственной комиссией по вопросам внешнеторговой политики и участия в международных экономических организациях от 1 апреля 2022 года принято решение о введении квотирования экспорта пшеницы и муки с 15 апреля по 15 июня. Объем квоты на пшеницу – 1 миллион тонн, на муку – 300 тысяч тонн», – сообщил Сапаров на онлайн-брифинге в СЦК.

Для оценки реальной ситуации на внутреннем рынке, по словам первого вице-министра, министерством совместно с Бюро нацстатистики и местными исполнительными органами проводится работа по инвентаризации запасов пшеницы в регионах.

«По состоянию на 7 апреля запасы составляют 118 тысяч тонн муки, в том числе 10 тысяч тонн в стабфондах, 22 тысячи тонн – в рамках "оборотной схемы", 48 тысяч тонн находится у производителей, порядка 20 тысяч тонн – на складах и 18 тысяч тонн – в торговых объектах. Указанного объема в полной мере достаточно для обеспечения внутренней потребности. Вместе с тем в ресурсах "Продкорпорации" имеется более 800 тысяч тонн зерна, которые в случае необходимости будут направлены на внутренний рынок для стабилизации ситуации», – добавил Айдарбек Сапаров.

Первый вице-министр ведомства добавил, что в январе было принято решение направить зерно регионам по сниженной цене — 90 тысяч тенге. Однако, по его словам, соответствующие заявки начали поступать только в марте.

Напомним, о решении ограничить экспорт зерна и муки в Казахстане ранее заявил министр сельского хозяйства Ербол Карашукеев.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

БАҒЫНБАҒАН БАҒА, БАЗАРДАҒЫ НАРЫҚ

БАСҚАҒА ТОҚТАУ БОЛСА ДА, КЕҢІРДЕККЕ ТОҚТАУ ЖОҚ. КҮНДЕЛІКТІ ТҰТЫНАТЫН АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ БАҒАСЫ ЫРЫҚҚА КӨНБЕЙ БАРАДЫ. ТОҚСАН ЖЕРДЕН ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫП БАҒАНЫ БАҚЫЛАЙМЫЗ, БАҒАНЫ КӨТЕРГЕНДЕРДІ, ОРТАДАН ПАЙДА ТАБАТЫН ДЕЛДАЛДАРДЫҢ ДАЛ-ДҰЛЫН ШЫҒАРАМЫЗ ДЕГЕН ҮКІМЕТ ТЕ БАҒАНЫ БАҒЫНДЫРА АЛМАДЫ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ЕЛДІҢ БӘРІ СЕНБІ КҮНІ ӨТЕТІН «ЖЕРҰЙЫҚ» КОММУНАЛДЫҚ БАЗАРЫНА БАРЫП, КӨТЕРМЕ БАҒАМЕН АЗЫҚ-ТҮЛІК АРҚАЛАП ЖҮР.

Бірақ ол жердегі баға да көрген көзді шарасынан шығарады. Бір жалақыға күндері қарап отырған отбасылар, зейнеткерлер мен әлеуметтік аз қамтылғандар қалтасындағы бақырды санап, саудагерлерге «барым осы еді, бағаңды түсіріп берші» деп жалынып, жалпайып көкөніс алып жүргендерді көзіміз шалды. «Шоқпар тисе, сорлыға тиеді» дегендей, күнен-күнге қымбаттап жатқан азық-түліктің бағасы басты ауыртып, балтырды сыздатып тұр.

Халықтың әл-ауқатын жақсартамыз, «Жаңа Қазақстан» құрамыз, 30 жыл ел байлығын тонағандардың шетел асырған ақшасын кері қайтарамыз, азық-түлік бағасы қымбаттамайды, бәрі бақылауда болады» деген үкімет қазір танауын тасқа соққан балықтай сансырап қалды. Оған себеп, Ресейдегі ахуал. Санкцияның астында қалған көрші елдің кесапаты бізге де тиіп жатыр. Тіпті, Ресейден Батыс өңіріне келіп, сауда үйлеріндегі азық-түлікті тонналап тасып жатқан бейнесюжеттерді әлеуметтік желіден көзіміз шалып қалған-ды. Бұған дейін жылда көктемгі науқан басталар алдында егіншілер үшін жанар-жағар май бағасы шарықтап шыға келетін, одан қалса егін орағы басталатын кезде жанармай өңдейтін зауыттар күрделі жөндеуден өтіп жатыр деген желеумен бағаны тағы да аспандататын. «Бақсақ бақа екен» демекші, Батыстан басталған бейбіт ереуіл қаңтардағы қантөгіске ұласып, мұқият тергеу басталғанда көгілдір отын мен жанар-жағар майды себепсіз көтерген, ортадан пайда тауып жүргендер әшкереленіп, біразы жылы орындарынан босап, тергеу басталған-ды. «Әп, бәрекелді, енді өзіміз өндіретін өнімнің бағасы төмендейтін болды» деп газ бағасы Батыс өңірінде 50 теңгеге түскенде, әділдік орнады деп қуандық. Әсіресе, азық-түлік бағасы қатаң бақылауда болады деген үкімет, жергілікті билікке базардағы бағаны қатаң қадағалауды тапсырған. Алайда, қолдан тежеп тұрған билікке, нарық шыдас бермеді. Өткен жылы азық-түліктің бағасы шарықтағанда ҚР Премер Министрінің орын-басары, Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов көрші Өзбекстан мемлекетіне барып картоп өніміне келісім шартқа отырып келген-ді. Қазақстанның Оңтүстік аймағы Алматы, Жамбыл, Түркістан және Солтүстік өңірі Павлодар облыстары картоп өнімімен айналысады. Бір ғажабы өндірген өнімдерімен Қазақстан ішкі нарықты қамтамасыз ете алмай жатып, картопты экспортқа шығаратынына қайран қаласың. Жеріне шыбық қадаса жеті күнде шынарға айналатын Жетісу өңірінің Райымбек және Кербұлақ аудандарында картоп шаруашылығымен айналысатын қожалықтар бар. Алайда, жергілікті өнімдердің бағасы удай. Көтерме базардың өзінде картоптың бір килосы 260-280 теңге. Көкөністер өсіретін арнайы жылыжайлар да бар. Мұнда қызанақ, қияр және тағы басқа да өнімдер мезгілсіз қысы-жазы өндіріледі. Жергілікті жерде өсірілетін өнімдердің бағасының шарықтауы – өзекті өртеп, басты шайқатады. Мәселен Қапшағай қаласындағы жылыжайларда өсірілген қызғылт түсті қызанақтың көтерме базардағы бағасы 1200 теңге, қиярдың бір килосы 900 теңге, ал жуа 180 мен 200 теңге аралығында. Жергілікті өнімнің бағалары осындай болғанда, Түркістан, Жамбыл, Павлодар және Шымкент қалаларынан келген өнімдердің бағасын өзіңіз пайымдай беріңіз. Олардың жол шығыны және көтерме бағамен біздің саудагерлер сатып алып, бағасын қосып сатады. Сауданың қызығын сатушы мен делдалдар көреді, ал сатып алушылар үшін бұл мұң-қайғы. Осы азық түліктің күннен-күнге қымбаттауына байланысты Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан демалыс күндері Елорда базарларын аралап, ондағы бағаларды бағамдап қайтқаны әлеуметтік желіде жарияланды. Сондай-ақ, ол, саудагерлер мен тұрғындардың пікірін тыңдап шыққан. Халық қалаулысы базардағы бағаның аспандап кетуіне қарсы ешқандай шара қолдана алмай отырған мемлекеттік органдарды сынға алыпты.

«Баға удай. Күнделікті тұтынатын ет-сүт, картоп, сәбіз, пияз, көкөніс, күнбағыс майы, макарон бағасы еселеп барады. Наурыз айында баға 13 пайызға өсіп, бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетті, – дейді ол.

Депутаттың айтуынша, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың үкіметке берген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру жөніндегі тапсырмасы орындалмай тұр.

«Ауыл шаруашылығы мен Сауда және интеграция министрліктері де, монополияға қарсы күрес агенттігі де, аймақтық әкімдіктер де жағдайдың алдын ала алмай отыр. Министрліктер біріне-бірі сілтейді. Үкіметтік ведомстволардың арасында өзара үйлесім жоқ, – делінген жазбада.

Жанарбек Әшімжан осы салаға жауапты Премьер-Министр орынбасары, Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың Мәжіліс депутаттарының нақты сұрақтарына жауап бере алмағанын сынаған. Депутат «*Базардағы негізгі азық-түлік тауарларының бағасы инфляция өсімінен де асып кеткен. Мамандардың есебінше күнбағыс майы 36,7 пайызға, қант – 34,8 пайызға, картоп – 21,8 пайызға, жеміс-жидек – 19,9 пайызға, макарон өнімдері – 22,7 пайызға, жұмыртқа 10 пайызға қымбаттаған.*

Мәжілістегі «Үкімет сағатында» да, пленарлық жиында да баяндама жасаған Ауыл шаруашылығы министрі мұның бәрі уақытша, жағдай реттеледі дейді. Баға реттеліп болғанша халықтың төзімі таусылып бітетін болды, — дейді Жанарбек Әшімжан. «Бағаның бәрі уақытша жағдай, бәрі ретеледі» деген Ауыл шаруашылығы министрі көтеріліп кеткен бағаны қалай төмендетпек?! Ел ұлардай улап-шулап, қайтадан ереуілдетпесе, азық-түліктің бағасы енді төмендемейтіні айдан анық. Жең ұшынан жалғасқандар бұған дейін азық-түлікке және коммуналдық төлемдерге қатысты жұмысшылар жалақысын сәл көтергенде алдын-ала құлағдар болған кәсіпкерлер әуелі жанар-жағар май, содан соң азық-түліктің бағасын шарықтатып жіберетін. Енді көктемгі және күзгі науқан кезінде шаруалар шыққан шығындарын өтеп алу үшін тағы да бағаны көтеретін болса, бұқара халықтың күнкөрісі тіпті қиындайды. Мұндай пікірді сарапшылар да жоққа шығармайды. Онсыз да ауыл шаруашылық техникаларының құны 20 пайызға, тыңайтқыш бағасы 50 пайызға өсуі қымбатшылыққа ұрындырады дейді. Қазақстанда азық-түліктің бағасын заңсыз көтеруге қатысты 749 факті тіркеліпті. Бұл ақпаратты да ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов мәлімдеді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне рұқсат етілген бөлшек сауда үстемесінен асып кету фактілері, яғни, 749 заң бұзушылық анықталды. Олардың көпшілігі: қант – 40%-ға дейін, күнбағыс майын – 35%-ға дейін, көкөністер – 25%-ға көтерілген деп Facebook парақшасында жазды. Анығында Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының 1,7%-ға өсуі тіркелді, жыл басынан бері ӘМАТ бағасының өсуі 9,9%-ды құрады. Бір аптаның ішінде ең көп қымбаттаған өнімдер: қырыққабат – 11%, пияз – 9,3%, қант – 6,3%, картоп – 4,7%, сәбіз – 3,3%, тауық жұмыртқасы - 1,7%», – делінген Үкімет басшысының орынбасары жариялаған ақпаратта. Бұл наурыз айындағы ақпарат болатын. Одан бері сәуір басталғалы баға тағы да тоқтаусыз өсіп келеді. Енді Талдықорғандағы сауда үйлеріндегі азық-түлік бағасына зер салып көріңіз. «Магнум» сауда орындарында қанттың бір килосы – 279 теңге, «Small» сауда үйінде – 345 теңге болса, базарда – 400 теңгеден асады. Сұйық майдың 5 литрі – 4200, ұн 50 килосы – 12000, 25 килосы – 6600 теңгеге саудалануда. Ең қажетті деген нанның бағасы 160-170-ке дейін көтеріліп, 140 теңгеге әзер түскен. Солтүстік өңір Павлодарда нан бағасы 200 теңгеге көтерілгенін көгілдір экраннан бұқаралық ақпарат құралдары таратқан болатын. Бұдан бөлек сырттан тасылатын құрма өнімінің бір килосы – 2000 теңге, банан – 900, жүзім 1600-1800 теңгеге жеткен. Алма – 450-500 теңге аралығында. Алма демекші алманың отаны Жетісу өңірінде де баға қымбат. Керісінше сырттан тасымалданатын өнімдерге баға қосылып, жергілікті жерде өндірілетін өнімдер бағасы төмен болуы шарт еді. Сүттің бағасы да 250-300 теңге аралығында.

Жалпы Қазақстан бойынша күнде қымбаттап жатқан азық-түлік өнімдерінен бөлек, киім-кешек бағалары да айтарлықтай өскен. Бірақ халықтың көңілін күпті етіп отырғаны күнделікті тұтынатын азық-түлік бағалары болып тұр. Үкімет жергілікті билікке бағаны қатаң бақылауды тапсырған-ды. Алайда, жергілікті билік тұрмақ, жоғары биіліктің өзі асаудай тулаған базар бағасын ауыздықтай алмауда. Қазақтың «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей» деген тәмсілін еске алсақ, ірі қараның еті тұрмақ, құс етінің өзі әлеуметтік жағдайлары төмен отбасылар түгілі, орташа өмір сүріп, бір жалақыға қарап отырғандардың түсіне кіретін болды. Бұдан бөлек, балық өнімін айтсақ, қылтанағы жоқ, балық етінің бір килосы – 2500, одан өзгелері 1500 теңге аралығында. Базардағы бағаны, бағынбаған нарықты кім тізгіндейді??!

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЗАР

ЗИЯНДЫ ҚОЙМА түбегейлі жойылады

Текелі қаласына, жақын елді мекендерге экологиялық зардабын тигізіп отырған қалдық қоймасын рекультивациялау мәселесі түбегейлі шешілетін болды.

Бұл туралы Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаевтың «Sunlight Investments» компаниясының басшылығымен кездесуі кезінде егжей-тегжейлі айтылды. Осы орайда екі тарап Текелі қаласында қолға алынатын ірі инвестициялық жоба меморандумына қол қойды.

1942-1996 жылдар аралығында жұмыс істеген Текелі қорғасын-мырыш комбинатының қалдықтары қоршаған ортаға зиянын тигізіп, халықтың денсаулығына кері әсерін тигізіп келеді. Енді «Sunlight Investments» компаниясы Текелде тау-кен байыту комбинатын салып, оған жылдар бойы жинақталып қалған қалдықтарды шикізат ретінде қолдануды жоспарлап отыр. Компания жалпы осы жобаға 200 млрд. теңгедей инвестиция салмақ, оның 60 млрд. теңгесі тау-кен байыту комбинатының құрылысына жұмсалады.

«*Мемлекет басшысы моноқалаларды дамытуға, қала құраушы кәсіпорындар мен «Зәкірлік» жобалардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, кәсіпкерлікті дамыту мен инвесторлар тарту үшін қолайлы ахуал жасауға бірқатар тапсырма берді. Моноқала Текеліде жылдар бойы қордаланған қалдық қоймасын сіздер ұсынып отырған халықаралық үздік тәжірибені қолдана отырып рекультивациялау қаланың экологиялық климатына оң әсер ететін болады. Бұл жоба арқылы біз Кеңестік кезеңнен бері қордаланып қалған экологиялық мәселені шешеміз, екіншіден өңірге инвестиция тартып, жаңа жұмыс орындарын ашамыз. Сіздердің мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға қатысты қосымша әлеуметтік міндеттемелер алуға, әлеуметтік тұрғын үйлер мен спорт алаңдарын салуға деген ниеттеріңіз басқа инвесторларға да үлгі. Бұл 33 мыңдай халқы бар моноқаланың дамуына үлкен серпін беретін жоба болады деп ойлаймын*», – деді Қанат Бозымбаев.

Аталмыш жобаның жетекшісі Уәлихан Атагелдиев рекультивация жұмыстары қалай жүргізілетінін егжей-тегжейлі түсіндірді. Оның айтуынша, жинақталған қалдықтар қаладан 10-15 шақырым қашықтыққа, қауіпсіз жерге шығарылып, сол жерде өңдеуден өткізіледі. Комбинатқа шикізат ретінде пайдаланылады. Ал комбинаттың қалдықтары заманауи талаптарға сәйкес көмілетін болады. «*Қалдық қоймасының орнын абаттандыру, көркейту жұмыстары Текелі қаласының жергілікті әкімдігімен келісіліп атқарылады. Тау-кен байыту комбинатын салу кезінде жергілікті тұрғындардан 400-дей адам жұмысқа тартылады, ал кәсіпорын іске қосылғанда 550 адамға тұрақты жұмыс орны ашылады. Жобаның қуаты жылына 2,5 млн. тонна өңдеуге жетеді. Толық циклда жұмыс істейтін комбинаттың іске қосылуы Текелінің экологиялық мәселесінің түбегейлі шешілуіне оң ықпал ықпал етеді*», – деді У. Атагелдиев.

Жиын соңында облыс әкімі мен жоба жетекшісі меморандумға отырды, ал Текелі қаласының әкімдігі мен қалалық мәслихат жобаға қатысты келісімдерге қой қойды.

КӘСІПОРЫН

ТАҒЫ БІР жаңа зауыт салынады

Талдықорғанда «Asma Industrial» ЖШС стационарлық аккумулятор батареяларын шығаратын зауыт салуға ниеттеніп отыр. Оған 3,2 млрд. теңге инвестиция тартылып, кәсіпорынға 120 адам жұмысқа орналастырылады. Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев осы жобаға қатысты «Asma Industrial» ЖШС өкілдерімен кездесіп, меморандумға қол қойды. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

– Талдықорған машина жасаудың экспортқа бағытталған өнімдерін шығарудың орталығына айналды десе де болады. Бұл жағынан алғанда бізде аккумулятор батареяларын, кабель өнімдерін, коммуналдық құрылғылар, электр насостарын шығаратын «Қайнар АКБ» зауыты, «АСПМК-519» кәсіпорындар тобы, «Азия электрик» сияқты көшбасшы кәсіпорындар бар.

Енді сол қатарға тағы бір жаңа зауыт – «Asma Industrial» ЖШС-ның өндірістік аккумулятор батареяларын шығаратын кәсіпорын қосылғалы отыр. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін біз қажетті барлық инфрақұрылыммен қамтамасыз ететін боламыз. Инвесторлар өз тарапынан өндірістік қорғасынды-қышқылды батареялар шығарудағы технология трансферттерін іске асырып, жергілікті тұрғындарға жұмыс береді. Сонымен бірге қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді барынша мол пайдаланатын болады. Ұсыныстарыңыз болса сіздерді тыңдауға әзірмін, – деді Қанат Бозымбаев.

Өз кезегінде «Asma Industrial» ЖШС басшысы Серік Ажмағамбетов жобаның ерекшелігіне тоқталып, алдағы жоспарлары туралы қысқаша айтып берді.

– «Қайнар АКБ» зауытымен салыстырғанда біздің өндірістің ауқымы әзірге үлкен емес. Бірақ біз негізінен әлі игерілмеген салаларға көбірек ден қойғанды жөн көрдік. Яғни, біздің батареялар телекоммуникацияда, энергетикада, темір жолда, жаңартылған энергия көздерін пайдалануға қолданылады. Өнімді өткізу нарығы қазірден анықталды. Посткеңестік елдер, Азия мемлекеттері, Европаның бірқатар елдері өнімдерімізді алуға дайын. Шығыс өнеркәсіп аймағынан зауыт салуға қажетті жер сатып алдық. Зауытқа орнататын құрал-жабдықтарымыз түгел, «Қайнар АКБ» базасында дайындалған мамандарымыз бар. Материалдық-кадрлық мүмкіндіктеріміз жеткілікті болғандықтан жаңа кәсіпорынды табысты жүргіземіз деп сенемін, – деді С. Ажмағамбетов.

Кездесуде айтылғандай, жобаны іске асыру үшін қажетті қосалқы электр стансасының, кәріз жүйесінің, зауыт шекарасына дейін газ құбырын тарту сияқты инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге облыс әкімдігі толықтай қолдау көрсетеді.

– Алматы облысының су, жел, күн энергиясын өндіруге табиғи мүмкіндігі мол. Ал жаңа зауыт шығарғалы отырған батареялар сол жаңарған энергия көздерін бойына жинақтап, электр қуатының ауа райына тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл жобаның болашағы зор. Бұл саланы дамыту ел экономикасына жаңа серпін береді, – деп атап өтті Қанат Бозымбаев.

Жалпы «Asma Industrial» ЖШС-ның стационарлық аккумулятор батареяларын шығаратын зауыттың құрылысы 2022-2023 жылдары жүргізіледі. Кәсіпорын жылына 210 мың дана көлемінде өнім шығаратын болады деп жоспарланып отыр. Жобаны іске асыруға 3,2 млрд. теңге инвестиция салынып, 120 адам жұмысқа тартылады. Зауыт толық қуатына шыққанда жұмысшы саны 250-ге жетеді деп жоспарланған. Шығарылған өнімнің 84 мың данасы ішкі нарыққа, 126 мыңы экспортқа бағытталатын болады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МЕДИЦИНА

2867 АДАМ ҚАТЕРЛІК ІСІККЕ ШАЛДЫҚҚАН

ХАЛЫҚҚА ОНКОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК – ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН КӨЛЕМІ ШЕҢБЕРІНДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ ЖӘНЕ КОДЕКСТІҢ 196-БАБЫМЕН РЕТТЕЛЕДІ.

«Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-112 бұйрығына сай жүргізіледі. Бұл туралы «Жетісу» медиа алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Арман Джансеңгіров мәлімдеді.

Оның сөзінше, пациенттердің онкологиялық көмектен бас тартуы Кодекстің 137-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кодекстің 136-бабында регламенттелген. Кодекстің 137-бабының 1-тармағына сәйкес пациенттің келісімінсіз онкологиялық көмек көрсетуге жол беріледі.

Өткен жылдың 12 айында өңір бойынша қатерлі ісікке шалдыққан 2867 науқас тіркелсе, оның 1721-і әйел, 1146-ы ерлер болып отыр. Олардың ішінде 1 ст – 730, 2ст – 926, 3ст – 636, 4 ст – 340. Ауру құрылымы бойынша –1 орында – РМЖ; 2 – асқазан обыры; 3 – өкпе обыры; 4 – КРР; 5 – РШМ. Ал, өткен жылдың 12 айындағы көрсеткіш бойынша қатерлі ісктен 1107 науқас қайтыс болған.

«*Қатерлі ісік ауруының ішінде асқазан обырынан қайтыс болатындар саны көп. Екінші орында – өкпе обыры. Одан кейін ұйқы безі обыры мен өңеш обырынан өлім-жітім көп кездеседі*», – дейді Арман Серікұлы.

Жалпы амбулаториялық жағдайларда қатерлі ісігі бар деген күдігі бар пациенттерді тексерудің барлық кезеңі медициналық ақпарат жүйелерінде «онкосақтық» маркерлерін көрсете отырып жүргізіледі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Дүйсенбі - Понедельник, 18 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Ынтымақ ауылы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Apta»
16.05 Т/х «Қаныш. Қазына»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Бағдарлама «1001 Түн»
01.10 «Ashyq alan»
02.00 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Кино «5 причин не влюбиться в казаха»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Джон Уик»
12.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
13.00 Т/х «Бөлелер»
15.00 «Бүгін»
16.00 Кино «Районы»
18.00 Мегахит «Угнать и продать»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Басқа тақырып»
20.45 «Ерекше бақылауда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Ана жүрегі»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Сырты бүтін» драма

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.30 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жауһары»
13.30, 03.10 «SarapTimes»
14.30 Т/х «Шыңғысхан»
15.30, 04.50 Т/х «Келіндер»
17.00 Т/х «100□ Махаббат»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
20.00, 04.00 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
01.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «Поле чудес»
10.15 Сериал «Никто не узнает»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Проверка на прочность»
00.10 «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова. Паук»
01.10 «Охота на Изюбря»
02.00 Новости
02.15 Жаңалықтар
03.15 Басты жаңалықтар
03.45 «Тамаша City»
04.30 «Той Заказ»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.30 «Юморина»
11.40 Х/ф «От сердца к сердцу»
13.40 «Одиночка»
15.30 «Королева бандитов-2»
17.30 «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «OZAT OTБАСЫ»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие». «Морские дьяволы.»
02.50 «Бір кем дүние»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (каз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Иман нұры»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Царевны»
09.00, 14.30 «Маша и медведь»
10.30 31 әзіл
11.00, 01.20 Сериал «Ханшайым»
12.00 Сериал «Тайная любовь»
13.30 М/с «Лило и Стич»
14.50 Кино. «Линия Горизонта»
16.50 Т/с «СеняФедя» (повтор)
18.30 Т/с «СеняФедя»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 «Проект А»
00.00 Сериал «Анупама»
02.00 Сериал «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00 Jaidarman
07.00 «Серт пен сезім»
08.00 Т/х «Көзайым»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.00, 19.30 «Я заберу твою семью»
12.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q- ЕЛІ»
14.30 «Зың-зың Күлпәш»
15.20 «Дылды»
16.20, 00.50 Сериал «Гадалка»
18.30, 02.00 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Тойхана-2»
22.30 Т/х «Қадам»
23.10 Х/ф «Американец»
02.30 «Студия 7»
03.00 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»
04.30 «Қуырдақ»

Сейсенбі - Вторник, 19 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 00.25 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Ынтымақ ауылы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 Деректі фильм
15.40 Ауылдастар
16.10 Т/х «Шабдалы 18»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.25 Бағдарлама «1001 Түн»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Кино «Районы»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Угнать и продать»
12.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
13.00 Т/х «Бөлелер»
15.00 «Большая неделя»
16.00 Кино «Бизнесмены»
18.00 Мегахит «Осечка»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Другие новости»
20.45 «На особом контроле»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Ана жүрегі»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Менің тағдырым» драма

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым, қарлығашым»
11.20 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жауһары»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Шыңғысхан»
15.30 Т/х «Келіндер»
17.00 Т/х «100□ Махаббат»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
01.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10 «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова. Паук»
12.10 «Если бы да кабы»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Проверка на прочность»
00.10 «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова. Паук»
01.10 «Охота на Изюбря»
02.00 Басты жаңалықтар
02.15 «Тамаша City»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.00 «OZAT OTБАСЫ»
10.00 Новости
10.40 Х/ф «Другие»
12.40 Х/ф «Морские дьяволы. Особое задание»
14.40 «Одиночка»
15.30 «Королева бандитов-2»
17.30 «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «OZAT OTБАСЫ»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие». «Морские дьяволы»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.40 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Иман нұры»
11.30 «Жанашыр»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 «Иман нұры»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Царевны»
09.00, 14.30 «Маша и медведь»
10.30 31 әзіл
11.00, 01.30 Сериал «Ханшайым»
12.00 Сериал «Тайная любовь»
13.30 М/с «Лило и Стич»
14.40 «Проект А»
16.50 Т/с «СеняФедя» (повтор)
18.30 Т/с «СеняФедя»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 «Проект А: часть 2»
00.15 Сериал «Анупама»
02.10 Сериал «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00 Jaidarman
07.00 «Серт пен Сезім»
08.00 Т/х «Көзайым»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.00, 19.30 «Я заберу твою семью»
12.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q- ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20 «Дылды»
16.20, 01.20 Сериал «Гадалка»
18.30, 02.20 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Тойхана-2»
22.30 Т/х «Қадам»
23.10 Х/ф «Кровья и потом: Анаболики»
02.50 «Студия 7»

Сәрсенбі - Среда, 20 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

Профилактикалық жұмыс
16.55, 03.00 Әнұран
17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
17.15 «Қызық екен»
18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
20.35 «Ashyq alan»
21.30 «Ынтымақ ауылы»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Бағдарлама «1001 Түн»
01.10 «Ashyq alan»
02.00 «Ауылдастар»
02.35 «Жәдігер»

ХАБАР

Профилактика 03.00-17.00
17.00, 01.00 ҚР Әнұраны
17.00 Кино. «ОНА»
18.00 Мегахит «Нокаут»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Ана жүрегі»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Сырты бүтін» драма

АСТАНА

17.00 Т/х «Кенже»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
20.00, 04.00 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
21.55 «Қарындасым қарлығашым»
23.50 «Сарай жауһары»
01.00 Т/х «Сулеймен Султан»
02.30 «Үздік әзілдер»
03.10 «Айтарым бар»
04.50 Т/х «Келіндер»

ЕВРАЗИЯ

Профилактика
17.00 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Проверка на прочность»
00.10 «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова. Паук»
01.10 «Охота на Изюбря»
02.00 Басты жаңалықтар
02.30 Паутина
03.15 «Тамаша City»
04.00 «Той Заказ»

КТК

Техническая профилактика
17.00 ҚР Әнұраны
17.05 «Мерекелік концерт»
17.30 «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «OZAT OTБАСЫ»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие». «Морские дьяволы.»
02.50 «Бір кем дүние»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.40 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.50 Инфо-блок
11.00 «Сегодня»
11.30 «Иман нұры»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
Бақылау мен жоспар жүзеге асқаннан кейін іске кірісу қажеттігі айтпаса да түсінікті. Жоспарлы іс-шараны жүзеге асыру үшінші кезең болып табылғандықтан, нақты жұмыс барысын, меңгеру деңгейін сабақ барысында немесе сабақтан тыс уақытта аңғарамыз. Атап айтқанда, сабақтар кіріктірілген оқыту мақсаттарымен құрастырылған қысқа мерзімді жоспар негізінде жүргізіледі. Сонымен қатар, үшінші кезеңді ата-аналары немесе заңды өкілдерінің келісімімен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жаңа сабақтың алдында, каникул күндері (күзгі, қысқы, көктемгі), жазғы мектеп кезінде арнайы кеңестер, қосымша сабақтар ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Қосымша сабақтарды ұйымдастыру кезінде үлгілік оқу бағдарламалары бойынша алдыңғы сыныпта қарастырылған келесі тақырыптарды қайталауға және бекітуге ерекше назар аудару ұсынылады.

Төртінші кезеңде білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жүргізілген жұмыстарды міндетті түрде талдау қажет. Талдауды әр тоқсанның соңында жүргізу ұсынылғандықтан, жұмыс қандай нәтиже беріп, нендей деңгейге көтерілгендігін саралай аламыз. Оқушының қабылдауы мен қолдану аясы да осы тұста сынға түсетіндігі анық.

Оқу процесінің басты міндеттерінің бірі болып табылатын оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмысы жүйелі түрде және оқу жылында жүргізіледі.

Онымен жұмыс жасау кезінде жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Қазіргі таңда білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат – жаңа технологиялар арқылы білім мазмұнын жаңарту. Технологиямен жұмыс жүргізу төрт саты арқылы іске асатындығын жақсы білеміз. Олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже шығару. Міне осы сатыларды қолдану арқылы да кемшін тұстардың орнын толтыру мүмкіндігі бар екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Анар НҰРБАЕВА,
К.Ушинский атындағы №7 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Төменгі жеткіліктілік шегі бойынша 2021 жылдың зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға тек 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін аударуға болады

БЖЗҚ салымшылары өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделудің ақысын төлеу үшін ғана емес, сондай-ақ, инвестициялық портфельді басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін де пайдалануға құқылы.

Салымшының зейнетақы жинақтары келесі жағдайларда ИПБ басқаруына берілуі мүмкін:

– салымшының БЖЗҚ-дағы нақты зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілік шегі арасындағы айырмадан аспаған мөлшерде;

– өмір бойғы төлемдерді көздейтін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалған жағдайда, салымшының БЖЗҚ-дағы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығынан аспайтын мөлшерде.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап 2022 жылға есептелген зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі (ТЖШ) күшіне енеді. Бұған дейін Президент Қасымжомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №875 қаулысымен 2021 жылға есептелген ТЖШ қолдану мерзімі 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартылды.

Осылайша, 2022 жылға арналған ТЖШ 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енетіндіктен, зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға 2021 жылға есептелген ТЖШ шамаларына сәйкес өтініштер бойынша **2022 жылғы 31 наурызды қоса алғанда** аударуға болады. ТЖШ мөлшері туралы ақпарат БЖЗҚ сайтында келесі сілтемеде жарияланған https://www.enpf.kz/kz/services/withdrawal/withdrawal-check.php.

Зейнетақы жинақтарын бір немесе бірнеше ИПБаудару үшін салымшы БЖЗҚ-ға өтінішпен жүгінуі қажет. Өтініш enpf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы берілуі мүмкін немесе БЖЗҚ-ның кез келген өңірлік бөлімшесінесалымшы өзі келуі тиіс.

БЖЗҚ салымшыдан өтініш келіп түскен күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруға аударады. Салымшының зейнетақы жинақтарының қалған бөлігі Ұлттық банктің басқаруында қалады.

ИПБ инвестициялық басқаруына берілген зейнетақы жинақтары біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға жатпайды (тұрғын үй жағдайын жақсарту және/немесе емдеу мақсаттарына алынған жағдайдағыдай) және ИПБ аударған кезде бұл қаражатқа жеке табыс салығы салынбайды.

Зейнетақы активтері ИПБ сенімгерлік басқаруға алғаш берілгеннен кейін салымшы:

– БЖЗҚ-ға жылына бір реттен жиі емес өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екінші ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға беруге өтініш беруге;

– ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Ұлттық банкке сенімгерлік басқаруға қайтару туралы (зейнетақы жинақтары ИПБ сенімгерлік басқаруға алғаш берілгеннен кейін екі жылдан ерте емес) өтініштіБЖЗҚ-ға беруге құқылы.

Оның ішінде салымшы зейнет жасына жеткенше күнтізбелік 10 күн бұрын салымшының зейнетақы жинақтары Ұлттық Банктің инвестициялық басқаруына қайтарылады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңға сәйкес, ИПБ инвестициялық басқару үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. ИПБ сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстың 7,5% аспайды. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ басқару органы бекітеді және ол жылына бір реттен жиі ауыстырылмайды.

Зейнетақы жинақтары Ұлттық банктің басқаруында болған кезеңде салымшы зейнетжасына жеткенге дейін инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік беріледі. Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады, ол нарықта жұмыс істейтін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігі негізге алынып есептеледі.

Жыл басынан бері қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары 515 миллиард теңгеге көбейді

1 наурыздағы БЖЗҚ негізгі көрсеткіштері

2022 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында **13,6 трлн теңге** зейнетақы жинақтары қалыптасты. 01.03.2021ж. мен 01.03.2022ж. аралығындағы бір жыл ішінде бұл қаражат 965,5 млрд теңгеге немесе 7,7%, ал 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 515,1 млрд теңгеге немесе 3,9% ұлғайды.

Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 13,2трлн теңге(соңғы 12 айда өсім 7,3%) болды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары 385,5 млрд теңгені(өсім 22,5%), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлемі шамамен 1,8 млрд теңгені құрады.

2022 жылдың екі айында БЖЗҚ салымшылары былтырғы дәл осы кезеңмен салыстырғанда көбірекқаражат салған. 2022 жылдың 1 наурызынақарай, салымшылардың шоттарына шамамен **245,6 млрд теңге** көлемінде зейнетақы жарналары түсті, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен (54,1 млрд теңге немесе 28%)артық. Жарналардың жалпы көлемінің **94,6%** БЖЗҚ-ға МЗЖ бойынша түсімдер құрайды – **232,3 млрд теңге** (соңғы 12 айдағы өсім 28%), МКЗЖ бойынша **13,2 млрд теңге** (өсім 33%) түсіп, ЕЗЖ бойынша **180 млн теңге** (өсім 73%) аударылды.

Салымшылардың жарналарынан басқа, 2022 жылдың 1 қаңтары мен 1 наурызы аралығында **522 млрд теңгеден** астам таза инвестициялық табыстың арқасында зейнетақы жинақтары айтарлықтай өсті, бұл былтырғы көрсеткіштен екі есе немесе 304 млрд теңгеге артық. Қазақстан Ұлттық Банкінің басқаруымен БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша 2022 жылдың басынан бастап инфляция **1,5%**болғанда кірістілік**4,0%** жетті. Бұл ретте соңғы күнтізбелік 12 ай ішінде инфляция **8,7%**болғандакірістілік **13,65%** көрсетті.

2022 жылдың 1 наурызына қарай, БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 11,7 млнбірліккежетті. Шоттардың ең көп мөлшері міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылды – **10 868 109 бірлік**. Одан әрі МКЗЖ есебіненқалыптасқан шоттар – **556 918 бірлік**, БЖЗҚ-дағы ЕЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар саны қазір **66 279 бірлік**.

Жыл басынан бері БЖЗҚ өз салымшыларына **319,3 млрд теңге** төледі, оның басым бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және емдеу мақсаттарына арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрайды – 280,2млрд теңге. Жасына байланысты төлемдер – 16,5 млрд теңге, мұрагерлік бойынша төлемдер – 10,2 млрд теңге, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуге байланысты төлемдер – 7,6 млрд теңге. Сақтандыру ұйымдарына аударымдар шамамен 3,5 млрд теңге, жерлеуге арналған төлемдер – 0,9 млрд теңге және мүгедектік бойынша төлемдер – 0,4 млрд теңге.

Атап кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем (зейнет жасына толуына байланысты) **29 302 теңге**, ал ай сайынғы ең жоғары төлем **707 326 теңге** болды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

Өлеңнен іздеп жұбаныш



Байқа, бала

Аялдашы, бір сәтке тоқта бала,
Жалғыз қайда барасың топтан ада.
«Бөлінгенді бөрі жейді» деген еді,
Құдіреттің қуаты көпте ғана.

Жүре берген жарамас бос далаға,
Тым болмаса, жол серік жоқ па бала.
«Кеңеспенен пішкен тон келте болмас»,
Көптен кетсең түсесің отқа ғана.

Елмен бірге ішсең іш, ботқа бала,
Тоқ болғанда бірінші топқа қара.
Елден кетсең, етегің кесіледі,
Жалғыздықтан сақтасын хақ Тағала.

Қамықпа да, қайғырма бопсаларға.
Үміт оты сөнбесін от жанарда.
Аялдайтын кезінде тыныстап ал,
Жаралған жан емессің тоқтамауға.

Текті атаға тексіздік қоспа бала,
Алтын сарай аңсама, қосқа қара.
Орай екі келмейді бір басыңа,
Ал, ендеше, өмірге бос қарама.

Арман

Есейіп, ес кіргенде бірге келген,
Арманға орын бергем іргемнен мен.
Түнде түс, күндіз естен ажырамай,
Келесің жолдас болып бірге менен.

Бақылап талпынысты күнде менен
Бастасаң қандай жолға үндемегем.
Арман-ау, жетеледің биіктерге,
Көп іске көз қанықты үйренбеген.

Тұсымда бағдар нұсқап үйленбеген,
Пері мен хан қызына үйлен деп ең.
Арман-ау, оң солынан өттім шауып,
Келемін саған еріп күйбеңменен.

Кейіндеп бірге шаптым үйдегі елмен,
Көңілді сүйрей жүріп кірлемеген.
Арман-ау, жетпесе өмір өкінбеймін,
Өлсемде өзіңменен бірге өлем.

Қалмады биіктерің жүр демеген,
Орадың үлдеменен, бүлдеменен.
Арман-ау, тау асырдың, саз кештіріп,
Сыйладың талай мәрте жүлдеменен.

Жер барма ат тұмсығын тіремеген.
Сен десе өлгел(і) жатсам түрегелгем.
Арман-ау, кейде өлтіріп, тірілттің де,
Жарты ғасыр алпарыссам түгемеген.

Отырғыздың, тұрғыздың жүрелегем,
Салсаңда, талай сорға жүдемегем.
Арман-ау, өсек-өтірік кезіктірдің,
Әсілі, ғайбат, жала тілемегем.

Сен үшін орын теуіп күрең белден,
Үзілмеді көп нәрседен күдер деген.
Арман ау, амандық бер ел жұртыма,
Дәмем жоқ, пейіштен де бірдемеден.

Биіктік

Асқар тау, алып шыңдар бой таласып,
Биіктен көрінеді бойлары асып.
Аймалап бұйра бұлттар көктің жүзін,
Таласып құз-қиялар олжаласып.

Кеңістік сыйға берсе бұршақ үйіріп,
Қартаң тау мұз оранып, құрсау қылып.
Айналып шыңыраудың құз басынан,
Бақылап көз тастаумен жүр самұрық.

Жапсардың жаңғырыстан суы құрғап,
Қорым көшіп жатады құмы құлап.
Шекесінен күн сүйген қатпар таулар,
Олардың жатқан тұнық үнін тыңдап.

Дауылдан тұман тарап бұғып жатқан,
Жарық етіп көзімнен тұнып аспан.
Шоқылар менмұндалап сұңғақ бойлы,
Аумайтын арнап қойған құлып тастан.

Шыңырау құздың биік шатқалын тар,
Құзғын ұя салатын қатпарың бар.
Көз түспес тұңғиық пен күдік сен де,
Қиял жетпес хикмет астарың бар.

Тұңғиық тұнжыраған түнек сенде,
Көрмеген аң мекендеп, түнеп сенде.
Құрт түспес құмырсқасыз тереңдерің,
Айдаһар мекен еткен түнеп сенде.

Көк жалдың үні қалған ұлып жатқан,
Кім білер түсінбесе сырыңды аспан.
Шыңырау сенің терең бойларыңа,
Сан бұлақ шыңнан құлап тұнып аққан.

Ясын ҚАЛИЯҚПАРҰЛЫ
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ТӘРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының бірнеше міндетті айқындап берді. Оның бірі – ұлттық код, екіншісі – ұлттық мәдениет. Жалпы, «рухани» дейтін ұғым «рух» сөзінен бастау алады.

Рух – ұлттың мықтылығы мен тектілігі, күш-жігері мен қайраты. Рухы мықты мемлекет қана тәуелсіздігін баянды етпек. Қазіргідей жаһандық бәсекелестік бізден тынымсыз еңбекті, табысты бастамаларды талап етеді. Бұл жолда білімнің тұңғиығымен сусындап, соңғы үлгідегі технологиялардың тілін меңгерген жас ұрпақты ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып бойынша тәрбиелеу қажет.

Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектепке дейінгі ұйымда отырған бүлдіршіндер екені мәлім. «*Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие»,* – деп ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымын зерттейтін негізгі мәселенің бірі – тәрбие. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халқымыз: «*Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, өскен соң оны түзете алмайсың*», – деп бекер айтпаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни, адами құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады.

Балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшелігіне сай келуі тиіс. Сонда жас ұрпақ елін сүйген, имандылық қасиеттерді жақсы меңгерген азамат болып қалыптасады. Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты, жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Сондықтан балалардың жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін Рухани жаңғырудың басты міндеттерін батыл атқарғанымыз жөн.

Ершат АНДАС,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті «Zhansugurov College»-нің оқытушысы.

ҰСТАЗ ОЙЫ

ХХ ғасырдың басында ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп еді. Туған тіліміз – халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінгі жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелейтін ең басты қазынамыз.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Бүгінгі таңда оқу үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Яғни, заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын ұтымды пайдалана отырып, оқушыларға саналы да сапалы білім беру. Өзге ұлттың, өз ұлтымыздың оқушыларының мемлекеттік тілде ойын еркін жеткізе алуларына, қарым-қатынас жасай алуларына жағдай туғызу" деген ой білдіреді. Сабақ барысында түрлі көрнекілік құралдарды пайдалану, жаңашыл әдіс-тәсілдер оқушылардың тіл үйренуге деген ынталарын арттырды. Инновациялық технология арқылы тіл үйренушілерге жағдай жасау оқушы мен мұғалім арасындағы жылы сезім, қызығушылық пен шапшаңдықты арттырып, шәкірт бойындағы түрлі қабілетті көре алуға итермелейтініне көзім жетті. Бастапқы кезге қарағанда оқушыларымның сыни тұрғыда ой қорытып, ашық, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастағанын байқадым.

Ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, айжұлдызымыз оңынан туып тұрған шақта осы рухани құндылықтарымыздың қайнар бұлағы – қазақ тілінің қадір-қасиетін өзгеден бұрын өзіміз жете түсінуіміз қажет. Қазақ тіліне деген құрмет пен ықыласты ұлттық сана биігіне көтерген жөн. Бұл міндет – сіз бен біздің перзенттік парызымыз. Себебі, қазақ тілі – ата-бабамыздың келер ұрпаққа аманаттаған асылы.

Ардақ ТУКУШЕВА,
Н. Островский атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні және мектепалды даярлық сынып мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

ЕНПФ

ПЕРЕВОДЫ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ УИП ПО ПОРОГАМ 2021 ГОДА ВОЗМОЖНЫ ТОЛЬКО ДО 1 АПРЕЛЯ 2022 ГОДА

Вкладчики ЕНПФ имеют право использования части своих пенсионных накоплений не только для улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения, но и для передачи в инвестиционное управление частным управляющим инвестиционным портфелем (УИП).

Пенсионные накопления вкладчика могут быть переданы в управление УИП:

– в размере, не превышающем разницы между фактической суммой пенсионных накоплений вкладчика в ЕНПФ и порогом минимальной достаточности пенсионных накоплений;

– в размере, не превышающем остатка пенсионных накоплений на счете вкладчика в ЕНПФ, в случае наличия заключенного договора пенсионного аннуитета со страховой организацией, предусматривающего пожизненные выплаты.

Напоминаем, что с 1 апреля текущего года вступают в силу пороги минимальной достаточности пенсионных накоплений (ПМД), рассчитанные на 2022 год. Ранее во исполнение поручения Президента К-Ж. Токаева постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 декабря 2021 года № 875 срок действия ПМД, рассчитанных на 2021 год, был продлен до 1 апреля 2022 года.

Таким образом, поскольку ПМД на 2022 год начинают действовать с 1 апреля 2022 года, перевести пенсионные накопления УИП согласно величинам ПМД, рассчитанным на 2021 год, по заявлениям, можно по 31 марта 2022 года, включительно. Информация о величинах ПМД размещена на сайте ЕНПФ по ссылке https://www.enpf.kz/ru/services/withdrawal/withdrawal-check.php

Для перевода пенсионных накоплений одному или нескольким УИП вкладчику необходимо обратиться в ЕНПФ с заявлением. Заявление может быть подано через личный кабинет на сайте enpf.kz либо при личном обращении в любое региональное отделение ЕНПФ.

ЕНПФ осуществляет перевод пенсионных накоплений, в доверительное управление УИП в течение тридцати календарных дней после даты поступления заявления от вкладчика. Оставшаяся часть пенсионных накоплений вкладчика продолжит находиться под управлением Национального Банка.

Переданные в инвестиционное управление УИП пенсионные накопления не относятся к изъятиям единовременных пенсионных выплат (как в случае изъятий на цели улучшения жилищных условий и/или лечение) и не будут облагаться индивидуальным подоходным налогом в момент их перевода УИП.

После первоначальной передачи пенсионных активов в доверительное управление УИП вкладчик имеет право:

– не чаще одного раза в год представлять заявление в ЕНПФ на передачу своих пенсионных накоплений в доверительное управление от одного УИП к другому УИП;

– представить в ЕНПФ заявление на возврат пенсионных накоплений, находящихся в доверительном управлении УИП, в доверительное управление Национальному Банку (не ранее, чем через два года после первоначальной передачи пенсионных накоплений в доверительное управление УИП).

В том числе за 10 календарных дней до достижения вкладчиком пенсионного возраста пенсионные накопления вкладчика возвращаются под инвестиционное управление Национального Банка.

Напомним, что после получения пенсионных активов от ЕНПФ УИП инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты, указанные в Правилах осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем, утвержденных постановлением Правления Национального Банка РК от 3 февраля 2014 года №10, и предусмотренные в Инвестиционной декларации УИП.

Согласно Закону о пенсионном обеспечении, УИП имеют право на взимание комиссионного вознаграждения за инвестиционное управление. Предельная величина вознаграждения УИП не может превышать 7,5% от полученного инвестиционного дохода. Фактическая величина комиссионного вознаграждения ежегодно утверждается органом управления УИП и может меняться не чаще одного раза в год.

В период нахождения пенсионных накоплений под управлением Национального Банка до достижения вкладчиком пенсионного возраста действует гарантия сохранности пенсионных накоплений с учетом уровня инфляции. При переводе пенсионных накоплений в управление УИП гарантия государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности пенсионных активов, который рассчитывается исходя из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление УИП, действующим на рынке.

С НАЧАЛА ГОДА ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ УВЕЛИЧИЛИСЬ НА 515 МИЛЛИАРДОВ ТЕНГЕ

КЛЮЧЕВЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ЕНПФ НА 1 МАРТА

На 1 марта 2022 года на счетах вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда сформированы пенсионные накопления на сумму порядка 13,6 трлн тенге. За год, с 01.03.2021 года по 01.03.2022 года, сумма увеличилась на 965,5 млрд тенге или на 7,7%, а с 1 января 2022 года на 515,1 млрд тенге или 3,9%.

Основная сумма пенсионных накоплений сформировалась за счёт обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и составила 13,2 трлн тенге (рост за последние 12 месяцев составил 7,3%). Сумма пенсионных накоплений по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) составила 385,5 млрд тенге (произошло увеличение на 22,5%), сумма пенсионных накоплений по добровольным пенсионным взносам (ДПВ) составила порядка 1,8 млрд тенге.

За два месяца 2022 года вкладчики ЕНПФ внесли больше средств, чем за аналогичный период прошлого года. На 1 марта 2022 года на счета вкладчиков поступили пенсионные взносы в общем объёме порядка 245,6 млрд тенге, что превысило показатель за аналогичный период 2021 года (на 54,1 млрд тенге или 28%). Из общего объёма взносов 94,6% составляют поступления в ЕНПФ по ОПВ – 232,3 млрд тенге (рост за последние 12 месяцев 28%), по ОППВ поступило 13,2 млрд тенге (рост 33%), 180 млн тенге (рост 73%) было перечислено по ДПВ.

Помимо взносов самих вкладчиков значительный прирост пенсионных накоплений был обеспечен благодаря чистому инвестиционному доходу, который с 1 января по 1 марта 2022 года превысил 522 млрд тенге, что превышает показатели прошлого года в два раза или на 304 млрд тенге. Доходность по пенсионным активам ЕНПФ под управлением Национального банка Казахстана с начала 2022 года составила 4,0%, при инфляции в 1,5%. При этом доходность за последние 12 календарных месяцев составила 13,65%, при инфляции за этот же период в 8,7%.

Число индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 марта 2022 года составило 11,7 млн единиц. Наибольшее количество счетов открыто по обязательным пенсионным взносам (ОПВ) – 10 868 109 единиц. Далее идут счета, сформированные за счёт ОППВ, 556 918 ед., количество счетов за счёт ДПВ в ЕНПФ сейчас 66 279 ед.

С начала года вкладчикам ЕНПФ выплатил 319,3 млрд тенге, большую часть составили единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на цели улучшения жилищных условий и лечение – 280,2 млрд тенге. Выплаты по возрасту – 16,5 млрд тенге. Выплаты по наследству составили – 10,2 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 7,6 млрд тенге, переводы в страховые организации составили порядка 3,5 млрд тенге, выплаты на погребение – 0,9 млрд тенге и выплаты по инвалидности – 0,4 млрд тенге.

Стоит отметить, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составила 29 302 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты составила 707 326 тенге.

КОРРУПЦИЯ

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ БОРЬБЫ

Вообще, термин «коррупция» происходит от латинского слово «corrumpere» по смыслу означает «разрушение организма государства, общественных отношений», как значение термина «подкуп» – термин, обозначающий обычно использование должностным лицом своих властных полномочий и доверенных ему прав в целях личной выгоды, путём обмана, вымогательства, волокиты, противоречащие законодательству и моральным нормам. Наиболее часто термин применяется по отношению к бюрократическому аппарату и политической элите. Соответствующий термин обычно имеет более широкую семантику, вытекающую из первичного значения исходного латинского слова, а также неэтическое поведение.

Коррупция оказывает большое влияние на все сферы общества: экономику, политику, социальную сферу, а негативные последствия, порождаемые этим явлением, не только препятствуют прогрессивному развитию общества, но и представляют реальную угрозу интересам национальной безопасности нашего государства. О необходимости борьбы с коррупцией говорят и политики, и высшие государственные чиновники, также борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов и для государственных органов. Вместе с тем, помимо стратегических направлений, государственными органами на постоянной основе проводятся комплекс мер по предупреждению и недопущению проявлений коррупции, так как коррупция, как социальное явление оказывает негативное влияние на имидж органов государственной службы, подрывает доверие граждан.

Происходящие в настоящее время в казахстанском обществе процессы, характерные для становления молодого независимого государства, актуализируют необходимость усиления противодействия коррупционной преступности. Коррупция всегда высока, когда страна находится в стадии модернизации. Казахстан переживает сейчас не просто модернизацию, а коренное изменение общественных, государственных и экономических устоев. Для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена Главой государства К.К.Токаевым. Только эффективное сдерживание коррупции – общепризнанное условие построения правового государства. В государственной программе борьбы с коррупцией отмечается, что коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций и негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны.

В Республике Казахстан для борьбы с коррупцией сформирована законодательная база, а именно Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции» направлен на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности Республики Казахстан от угроз, вытекающих из проявлений коррупции, обеспечение эффективной деятельности государственных органов, должностных и других лиц, выполняющих государственные функции, а также лиц, приравненных к ним, путем предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия правонарушений, связанных с коррупцией, устранения их последствий и привлечения виновных к ответственности, определяет основные принципы борьбы с коррупцией.

Ертис ОМАРОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

ЗАКОН

СТОРОНЫ, УЧАСТВУЮЩИЕ В ДЕЛЕ

Сторонами в гражданском процессе называются лица, от имени которых ведется процесс и материально-правовой спор которых должен разрешить суд. Сторонами в гражданском процессе – истцом и ответчиком могут быть граждане, граждане-предприниматели, государственные предприятия и учреждения, кооперативные организации, общественные организации и иные субъекты, пользующиеся правами юридических лиц. В качестве сторон могут выступать иностранные граждане и фирмы, лица без гражданства. Стороной в гражданском процессе может быть государство. Стороны обладают равными процессуальными правами и несут равные процессуальные обязанности.

В каждом деле искового производства всегда две стороны. Истец – это лицо, субъективные материальные права или охраняемые законом интересы которого нарушены или оспариваются и в силу этого нуждаются в защите. Само по себе слово "истец" происходит от слова "искать" искать защиты. Истцовую сторону принято называть активной, поскольку действия в защиту ее прав и интересов влекут за собой возникновение процесса. Ответчик – это лицо, которое привлекается к ответу в связи с заявлением истца о том, что нарушены или оспариваются его субъективные права или охраняемые законом интересы, и является пассивной стороной в гражданском процессе. Во многих случаях причиной предъявления иска являются действие или бездействие самого ответчика (неуплата долга в установленный срок, оспаривание права авторства, причинение вреда и т.п.). Однако в отдельных случаях ответчик может сам никаких действий, ущемляющих права и интересы истца, не совершать (владелец источника повышенной опасности, малолетний наследник, к которому предъявлен иск о признании завещания недействительным, и т.д.), но объективно оказаться субъектом спорного материального правоотношения на так называемой пассивной стороне.

Стороны, участвующие в деле, имеют право знакомиться с материалами дела, делать выписки из них и снимать копии; заявлять отводы; представлять доказательства и участвовать в их исследовании; задавать вопросы другим лицам, участвующим в деле, свидетелям, экспертам и специалистам; заявлять ходатайства, в том числе о принятии мер по обеспечению иска, по обеспечению доказательств, об истребовании дополнительных доказательств, о применении примирительных процедур; давать устные и письменные объяснения суду; приводить свои доводы по всем возникающим в ходе судебного процесса вопросам; возражать против ходатайств и доводов других лиц, участвующих в деле; участвовать в судебных прениях; знакомиться с протоколом судебного заседания и подавать на него письменные замечания; обжаловать решения, определения и постановления суда; пользоваться другими процессуальными правами, предоставленными законодательством Республики Казахстан о гражданском судопроизводстве. Они должны добросовестно пользоваться всеми принадлежащими им процессуальными правами, не злоупотребляя правами других лиц, не нарушая их интересы, и не допускать умышленное затягивание сроков рассмотрения и разрешения дела.

Гаухар КАЗБЕКОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского СМАС.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ФУТБОЛ

ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫНЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІНЕ ШЫҚТЫ

АҚТӨБЕДЕ ЖЕРГІЛІКТІ «АҚТӨБЕ СИТИ» МЕН ТАЛДЫҚОРҒАН «ЖЕТІСУ» КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫ-2022 АЛДЫН АЛА КЕЗЕҢІНІҢ ЕКІНШІ ТУРЫНЫҢ ОЙЫНЫ АЯҚТАЛДЫ.

Кездесудің негізгі және қосымша уақыты 0:0 есебімен тең аяқталып, келесі кезеңге жолдама тағдыры пенальти сериясында «Жетісу» футболшыларының пайдасына шешілді – 3:2. Талдықорғандықтар негізгі кезеңге жолдама алды.

Ақтөбе Сити (Ақтөбе) - Жетісу (Талдықорған) 0:0, пен. 2:3 (0:0, 0:0)

КЕЗДЕСУ

Мемлекет басшысы Astana Qazaqstan Team велокомандасының бас менеджері, Қазақстан велоспорт федерациясының вице-президенті Александр Винокуровпен кездесу өткізді.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АЛЕКСАНДР ВИНОКУРОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Олимпиада чемпионы Президентке Astana Qazaqstan Team велокомандасының соңғы жетістіктері мен алдағы жоспары туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі велоспорттың дамуы жөнінде, бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын қолдау, соның ішінде еліміздің түрлі қалаларында велосипед тебудің экстремальды түрімен айналысатын спортшылар мен әуесқойлар үшін BMX парктерін салу және Алматыдағы велотректі жаңғырту жайында мәлімет берілді.

Мемлекет басшысы велокоманданың алдағы кезеңге арналған жоспарын қолдап, Astana Qazaqstan Team Қазақстанның халықаралық аренадағы спорттық бренді екенін ерекше атап өтті.

ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІ

ҚҰРАМА ДАЙЫНДЫҚТЫ БАСТАЙДЫ

Жазғы спорт түрлері бойынша жаңа маусым басталып, құрама спортшылары маңызды додаларға дайындықты бастап кетті. Тіпті, әлемдік аренада ел намысын қорғайтын спортшылар қатары да іріктеліп үлгерді. Атап айтқанда, жақында жүзуден Қазақстан чемпионаты аясында биылғы әлем біріншілігіне баратын спортшылар анықталды.

Назарларыңызға жүзуден Қазақстан чемпионатын нәтижесі мен биылғы әлем чемпионатына аттанатын спортшылар есімдерін ұсынамыз.

Республикалық біріншілік Ақтөбе қаласында өтті. Ел біріншілігінің нәтижесінде жалпы-командалық есепте ұпай саны бойынша 43 714 еншілеген Алматы қаласының құрамасы көш бастады. 35 266 ұпайын еншілеген Ақтөбе облысы екінші орыннан көрінсе, Нұр-Сұлтан қаласының командасы 30 096 ұпай жинап, үздік үштікті түйіндеді.

Аталған ел біріншілігінде Қазақстан рекорды жаңарды. Оның авторы Ақтөбе облысының өкілі Диана Тасжанова. 1500 метрді еркін әдіспен 17:31,08 секундта бағындырған ақтөбелік Диана Тасжановаға тиесілі.

Чемпионат қорытындысы бойынша #teamKZ сапынан бес спортшысы су спорты бойынша 19-шы әлем чемпионатының нормативін орындап, дүниежүзілік біріншілікке қатысу мүмкіндігіне ие болды. Олар:

1. Әділбек Мусин
2. Александр Варакин
3. Айбек Қамзенов
4. Аделаида Пчелинцев
5. Ксения Игнатова

Prosports.kz сайтынан

СПАРТАКИАДА

«ЖАС САРБАЗ» ОҚУШЫЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Көкшетау облысына қарасты Щучинск қаласында «Жас сарбаз» әскери ұйымы оқушылары арасында І-ші Республикалық қысқы спартакиада өтті.

Бұл жарысқа Талғар ауданындағы № 13 орта мектептің оқушылары да қатысты.

Байқауға қатысқан Нұрәли Абай мен Бахтияр Мейрамбековті Талғар ауданының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы арнайы марапаттап, Алғыс хат табыстады.

Департамент бастығы, полковник Талғат Дәулетханов спартакиадаға қатысушыларға демеушілік еткен «Қаһарман ұрпақ» қоғамдық қорының директоры Арман Арынханов және № 13орта мектептің БӘД оқытушы-ұйымдастырушысы Ерболат Сұлтанғазиевті де марапаттады.

ӨЗ ТІЛШІМІІЗ

АЗИЯ РЕКОРДЫ

ПАРАСПОРТШЫ РЕКОРД ОРНАТТЫ

Паражүзуден Қазақстан спортшысы Алина Синельникова Азия рекордын орнатты. Әлем кубогында ол күміс жүлде иеленді, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі Ақмола облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы Махаббат Большинаға сілтеме жасап.

Спортшы Ақмола облысынан шыққан. Физикалық мүмкіндігі шектеулі "Мерген" спорт клубының тәрбиеленушісі Алина Синельникова

400 метр қашықтықта еркін жүзуден күміс жүлдені жеңіп алды. 200 метр қашықтықта кеудемен жүзуден 3.20.54 көрсеткішпен Алина Азия рекордын орнатты.

Қыздың жаттықтырушылары Джанна Зайцева мен Анна Симонинаның айтуынша, Алина Қазақстан Республикасы халықаралық класының спорт шебері спорттық разрядын орындады.

Айта кетейік, сәуір айының басында Берлинде паражүзуден жарыс өтті. Оған 47 елден 300 атлет қатысты. Спортшылар Португалияда өтетін әлем чемпионатя мен Қытайда өтетін Азияның пара ойындарына жолдаманы сарапқа салды.

Чемпионатқа Қазақстан атынан төрт паражүзуші қатысты: Айбек Искра,

Алина Синельникова, Иван Щепов және Токиодағы Паралимпиаданың қола жүлдегері Нұрдаулет Жұмағали. Қазақстан параспортшылары Берлинде бас-аяғы 4 күміс және 2 қола медаль жеңіп алды.

АБЫРОЙЛЫ ЧЕМПИОН

ҚАРСЫЛАСЫНЫҢ БЕЛБЕУІН ҚАЙТАРДЫ

Қазақстандық боксшы Геннадий Головкин жапондық Риота Муратаны мерзімінен бұрын жеңгеннен кейін дәл ринг алаңында қарсыласына әдетте жекпе-жекке киетін шапанын сыйға тартып, чемпион белбеуін қайтарып берді.

«Қарсыласыма үлкен құрмет! Ол чемпион және солай болып қалады. Аригато!» – деп жазды өзінің Instagram парақшасында WBA, IBF және IBO тұжырымдары бойынша әлем чемпионы.

Головкин Instagram желісінде Мұратаның шешінетін бөлмесіне барып, қарсыласына жекпе-жек үшін алғыс білдіріп, оған естелік ретінде чемпиондық белбеуді қайтарған. Сол сәттің видеосын парақшасында жариялады.

«Риота, бұл сенің белбеуің мәңгілікке», – деді ол жапондықты құшақтап, белбеуді беріп жатып.

Желі қолданушылары спортшыны қолдап, мақтау сөздер жазып жатты. *«Қазақстандықтардың кеңпейілділігі ғой», «Гена адам нағыз адам ғой», «Халықтың чемпионы тек мықты ғана емес, абыройлы чемпион», «Қазақтың қаны ғой, қонақжай, кішіпейіл», «Қазақтың мінезі»*, – десті қазақстандықтар.

Еске салсақ, отандасымыз Геннадий Головкин Жапонияның Сайтама қаласында өткен бокс кешінде Риота Муратаны тоғызыншы раундта техникалық нокаутқа жіберіп, орта салмақтағы IBF, IBO және WBA Super белбеулерінің иесі атанды. Бұл спортшының мансабындағы 42-жеңіс.

Риота Мурата жеңілісінен кейін Головкин жайлы пікірін білдірді.

«Мен Головкиннің шеберлігінің деңгейін сезіндім. Оның соққылары алуан түрлі болды. Нағыз күшті сезіндім», – деді Мурата.

Головкиннің келесі жекпе-жегі қыркүйекте мексикалық боксшы Сауль Альвареске қарсы болмақ.

Stan.kz сайтынан

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

СӘУІР АЙЫНДА БОЛАТЫН ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

СӘУІР АЙЫ – КӨКТЕМНІҢ НАҒЫЗ КҮШІНЕ ЕНГЕН ШАҒЫ. ОСЫ ОРАЙДА ОҚЫРМАН ҚАУЫМҒА СӘУІРДЕ БОЛАТЫН ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАСЫН ТАРҚАТУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

СӘУІР/КӨКЕК – жазғытұрым кезіне сай келетін төртінші айдың арабша аты, көкек. Сәуір сөзі араб тілінде «өгіз» деген мағынаны білдіріп, жұлдыз айлары бойынша «Торпақ» шоқжұлдызының атауы болып табылады.

Бұл айдың ертеден келе жатқан қазақша аты – көкек. Айдың «көкек» деп аталу себебі көктемнің бір белгісі көкек құсының алғаш шақыра бастайтын мезгілімен байланысты қаралады. Бұл айдың өзгешелігі – құс үнінің ерекше байқалуы.

Көкек – ұшқалақ, жеңілтек құс, өз атын өзі шақырады, сондықтан осы сөз жағымсыз мәнде айтылады деп, айдың атауын сәуірмен ауыстырған.

Ал Шоқан Уәлихановтың пайымдауы бойынша, көкек жағымсыз құс емес, керісінше, «Көкек – киелі құс. Май мол болады деп, көкек қонған бұтақты алып, сүт құйған сабаға салып қояды» екен. Халық аузында бұл айдың сәуір, көкек деген атауларына байланысты мынадай өлең жолдары кездеседі.

Бесқонақ – көктемнің жуан ортасында өтетін бес-жеті күндік жауын-шашынды салқын кез. Бұл – әр жылы соғып өтетін суық әрі лайсаң мезгіл. Жұрт осы «бесқонақтан» қатты сақтанып, күтініп отыратын болған. Кей жерлерде сәуір айындағы бесқонақ амалы өтпей, қазіргі малшы-шопандардың өздерін де күн райы қанша тамылжып тұрса да, жайлауға көшпеген. Өйткені бесқонақ амалы кезінде ең болмағанда үш-бес күндік суық, қар аралас жаңбыр болмай қалмайды.

Қызыр қамшысы – сәуір айының орта кезінен асқан шақта болатын табиғи амал. Бұл кезде алғаш найзағай ойнайды, жаңбыр жауады, жер бусанады, оңтүстікте жаздың жайлы күндері басталады. Осы сәттегі найзағайдың жарқылын халық: «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп есептейді. Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, ескіше он бесінші наурыз Қызыр Іляcтың қамшы сілтер күні деп аталады.

Тобылғы жарған – сәуірдің соңғы күндерінде 2-3 күнге созылатын суық жел. Бұл «тобылғы бүршік жарған», яғни өсімдіктер тамыр жайды, алғашқы көк шыға бастады деген сөз.

«Сәуір болмай, тәуір болмайды» деген мақал осыдан қалған болса керек. Тілімізде

сәуір амалы кезінде табиғи құбылыстардың шаруашылыққа пайдалы болатыны туралы басқа да мақал-мәтелдер қалыптасқан: «Сәуір – суымен, мамыр – гүлімен», «Сәуір айы – малшыға тәуір ай», «Сәуір айы – жауын айы», «Сәуір болмай, сайран болмас, Сайран болмай, айран болмас», «Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе көк дүркірер», «Сәуірдегі жауын – Сауып тұрған сауын», «Сәуір жақсылығына бақса алты күн, жақсылығына бақпаса алпыс күн» деген мақал-мәтел, қанатты сөздері бар.

Elana.kz сайтынан

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Күннен ҚОРҒАЙТЫН құрал қолдануда жіберетін 10 қателік

Күннен қорғайтын құралдарды қолданасыз, сонда да ультракүлгін сәуленің зиянды әсерін сезіп жүрсіз бе? Теріңіз күйіп, дақ түсіп, қартайып бара ма? Ендеше, SPF құралды қолдану барысындағы әрекеттеріңізді дұрыстап бақылап көріңіз. Мүмкін, бір жерден қателік жіберіп жатқан боларсыз?

1-қателік: Күннен қорғайтын құралды таңдау барысында өз теріңіздің фототипін ескеру маңызды. Түрлі фототипке сәйкес келетін құралдардың қорғаныс деңгейі түрліше болады: SPF 6?10 (базалық немесе төменгі қорғаныс) – қараторылар үшін; SPF 15?25 (орташа деңгей) – бидай өңділер үшін; SPF 30?50 (жоғары деңгей) және SPF 50+ (өте жоғары қорғаныс деңгейі) – аққұба және сары реңділер үшін.

2-қателік: Құрамындағы химиялық қоспалар SPF құрал таңдағанда құрамына да мән беріңіз. Егер онда химиялық қоспалар басым болса, пайдасынан зияны көп деген сөз. Айталық, оксибензон гормоналдық өзгеріске ұшыратса, ретинил пальмитат немесе А дәрумені теріге зақым келтіреді. SPF құрал құрамында аталғандардан басқа да аллергендер болуы мүмкін. Сондықтан, мүмкіндігінше химиялық емес, физикалық күннен қорғайтын сүзгіге ие түрін таңдаған абзал. Олардың құрамындағы белсенді заттар негізінен мырыш және титан диоксиді болып келеді.

3-қателік: Кез келген жақпамайдың теріге сіңуі үшін уақыт керек. Күннен қорғайтын кремнің де теріге терең сіңіп, өз қызметіне кірісуі үшін кемінде 10-15 минут қажет. Сондықтан, дәл сыртқа шығардың алдында немесе жағажайға барған соң жағу да кезекті қателік. Кремді жаққан соң жарты сағаттай күн көзіне шықпай күткен дұрыс.

4-қателік: SPF құралды дененің ашық бөліктеріне ғана жағып қою жеткіліксіз. Жаздық жұқа киімдер де күннің зиянды сәулелерін өткізеді. Сондықтан, бет пен мойын, білекке ғана емес, бүткіл денеге жаққан артық етпейді. Әсіресе, күн астында ұзақ уақыт жүретін болсаңыз. Сондай-ақ, күннен қорғайтын крем жағу кезінде құлақ, көз айналасы, желке, табан секілді бөліктерді де елеусіз қалдырмаңыз.

5-қателік: Шаш пен бас терісі де қорғауыңызға мұқтаж. Себебі, күн сәулесін бірінші болып қабылдайтын солар. Алайда, күннен қорғануда оларды естен шығарып жатамыз. Зиянды сәуледен қорғау үшін шашыңызға да қорғаныш қасиеті бар құралдар қолданып, баскиім киіп жүрген жөн.

6-қателік: Кез келген күннен қорғайтын құралдарды молынан жағу қажет. Сондықтан оны үнемдеуге тырыспаңыз.

7-қателік: Кез келген күнен қорғайтын крем жаңартуды қажет етеді, әсіресе, суға түсіп шыққаннан соң. Құрғақ теріге қарағанда ылғал тері жылдам күйетінін есте сақтаңыз. Күннен қорғайтын құралдың қаптамасында суға төзімді екені жазылса да, судан шыққан соң қайтадан жағып алыңыз. Ал, шомылмаған жағдайда әр 2-3 сағат сайын жаңартып жағып тұрыңыз.

8-қателік: Күн сәулесі шыныдан өтпейді деу қате. Көлікте немесе жұмыста терезенің жанында отырсаңыз, теріңіз қорғанысты қажет етеді. Сондықтан жаз мезгілінде күннен қорғайтын құралдарды күнделікті жағып шыққан жөн.

9-қателік: Аспан бұлтты, күн көзі көрінбейді деп қорғаныш кремді жақпай қоюға тағы болмайды. Бұлт сіздің теріңізді ультракүлгін сәуледен қорғай алмайды. Сондай-ақ, бастырма, шатыр асты не тал түбі болсын, қандай көлеңкеде отырсаңыз да, бұл күннің зиянды сәулелері теріге зақым келтіре алмайды деген сөз емес.

10-қателік: Сіздің күннен қорғайтын креміңіз көбіне қайда тұрады? Қолсөмкеге салып, үнемі өзіңізбен алып жүрсеңіз, жақсы. SPF құралын автокөлік қобдишасында сақтайтындар да бар. Күн ысыған кезде ондағы ауа температурасы 40-500С-ға дейін жетеді. Осындай ыстық жерде қалып қойған крем жарамсыз болып қалады. Негізгі қызметін дұрыс атқарсын десеңіз, құрғақ, тікелей күн сәулесі түспейтін, ыстық емес жерде сақтаған абзал.

Ernur.kz сайтынан

ОҚУШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ШУАҚТЫ КӨКТЕМ

Көктем айы – табиғаттың шырайлы да көңілді мезгілі. Көктемде қар ериді, табиғат жаңарады, күн шайдай ашылады. Осы мезгілде шығатын ең алғашқы гүл – бәйшешек. Ол сондай нәзік, әдемі әрі хош иісті. Шырайлы көктемде тіршілік оянады. Жан-жануарлар індерінен шығып, азық іздейді. Ал адам баласы – егіншілікпен айналыса бастайды. Айта кетсек, жеміс-жидек ағаштарын, көкөністер, дәнді-дақылдар өсіреді. Ата-бабамыз «Сәуір болмай, тәуір болмас» деп текке айтпаған. Шуақты көктем айы ең керемет, ең көңілді мезгіл. Мен көктем мезгілін қатты жақсы көремін.

Айман ТАХАТБЕК,
Қойлық ауылындағы М.Жұмабаев атындағы орта мектептің 4-а сынып оқушысы.
САРҚАН АУДАНЫ

КӨҢІЛ АЙТУ

«Алатау-Болашақ» АҚ филиалы Офсет баспаханасы мен «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің ұжымы Ақсу, Көксу, Панфилов аудандарының «Құрметті азаматы» **Ғалым ТҰРҒАМБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ол сөзге шешен, іске жүйрік кісі еді. Компартияның дәуірлеп тұрған кезінде үш ауданды басқарған адам. Қазақстанның Жоғарғы Советіне депутат болған. «Алтын Емел» ұлттық паркінің негізін қалап, аяқтан тұрып кетуіне өлшеусіз үлес қосты.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 398
Индекс 15534